DOI 10.52209/1609-1825_2024_4_313 ӘОЖ 338.22

Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті қаржыландыру бағыттары мен несиелендіру жобалары

[1]***ЖАНТЕЛЕУОВА Гүлден Мендіханқызы,** докторант, zhanteleuova@mail.ru,*
[1]**МАЙДЫРОВА Айгул Болатқызы,** *э.ғ.д., кафедра меңгерушісі, maydirova2010@gmail.com,*
[2]**БИРЮКОВ Валерий Викторович,** *э.ғ.д., декан, _valera@mail.ru,*
[1]«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан,
[2]«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Н. Назарбаев даңғылы, 56, Қарағанды, Қазақстан,
**автор-корреспондент.*

Аңдатпа. *Зерттеудің мақсаты – әлеуметтік кәсіпкерліктің заманауи зерттеулерінің тұжырымдамасының мәнін анықтау және осы саланы қаржыландыру, жетілдіру бағыттарын зерттеу. Талдау нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі ұғымдары нақтыланып, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің белгілері мен оны қаржыландырудың жоспарлы бағдарламалары келтірілген. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту арқылы – Қазақстанның әлеуметтік мүмкіндіктерін бағалау мен әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарын айқындау. Әлеуметтік кәсіпкерліктің теориялық тұжырымдамаларын пайдалана отырып, шетелдік тәжірибелерді зерттеу арқылы, Қазақстанда ұйымдастырудың озық әдістерін қолдану көзделген.*

Кілт сөздер: *әлеуметтік кәсіпкерлік, әлеуметтік жобалар, қаржыландыру, әлеуметтік мақсаттар, қоғамдағы осал топ өкілдері.*

Кіріспе

Әлеуметтік кәсіпкерлік теориясы, экономикалық тиімділікке қол жеткізуге негізделеді және қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік осал топтарды қолдау мен қоғам өміріне араластыру бағыттарын қамтиды. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы экономикалық тиімділіктер қатарына кәсіпкерліктегі жаңашылдықты әлеуметтік миссиямен біріктіру және әлеуметтік қызметті жүзеге асырудың тиімді тәсілі жүзеге асыру мен оларды қаржыландыруда тиімді жобаларды іске асыру саналады. Әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы бір жағынан экономиканың әлеуметтік бағытын дамытуға мүмкіндіктер ашса, екінші жағынан жұмыссыздық, бос еңбек потенциалын пайдалану мен әлеуметтік өндірісті дамытуды негізге ала отырып, экономикадағы әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталады.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің тұрақты дамуы – экономикалық құндылықтары сақтай отырып, жаңашыл және заманауи жағдайларға бейімделген әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді. Қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу – экономиканың жаңа тетіктерін жетілдіруді қажет етеді.

Мұндай тетіктердің негізгі бағытына әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау шаралары мен оны жаңғырту тұжырымдамасы жатады. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамудың әртүрлі деңгейлері мен механизмдері болып, заңдық нормалар, қолдау шаралары және әлеуметтік жобалар табылады.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлікті жіктеу критерийлері Заңмен қолданысқа енгізілді. Қазақстанда 2021 жылғы 6 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қолданысқа енгізіледі [1]. Қазақстан Республикасында 2020 жыл қорытындысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы мен жоғары сандық көрсеткіші: бірінші орында – Түркістан облысы, екіншні орында – Нұр-Сұлтан қаласы, үшінші орында – Алматы облысы [2].

Әлеуметтік кәсіпкерліктің теориялық ережелері және қорытындыларын негізге ала отырып, отандық және шетелдік әдебиет-

тер мен мерзімдік басылымдарды пайдаланылу мен олардың аспектілерін зерттеудің маңызы зор. Әлеуметтік кәсіпкерлікті ғылыми зерттеу жұмыстары 1970-ші жылдардан бастау алған. Әлеуметтік кәсіпкерліктің еңбек потенциалына әсерін зерттеу бағытын көптеген ғалымдар зерттеген. Атап айтсақ, әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болуын, оның дамуы мен ерекшеліктерін және жеке теориялық ережелерін қарастырған шетелдік ғалым-авторлар: J. Boschee, A. Peredo, M. McLean (Peredo A. M., 2006), C. Seelos (Seelos C., 2005), J. Mair (Mair J., 2009), G. Mort (Mort G., 2003), A. Nicholls (Nicholls A., 2008), J. Thompson (Thompson J., 2000), R. Martin (Martin R., 2007), S. Zahra (Zahra S., 2009) [3-11].

Зерттеу әдістері

Әлемнің барлық елдерінде – әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау бағыттары өзіндік айырмашылықтар мен елдердің экономикалық дамудың әртүрлі деңгейіне байланысты. Сонымен қатар елдердегі әлеуметтік – экономикалық ерекшеліктерге ие. Әлемнің барлық елдерінде әлеуметтік-экономикалық дамуды жақсартуға бағытталған, әлеуметтік теңсіздіктерді қалыптастыру үшін, әлеуметтік саясатты жүзеге асырады. Шетелдерде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту саясаты мемлекеттің экономикалық құрылымдық элементерінің бірі бола отырып, елдің экономикалық нәтижесіне әсер етуші құралы ретінде қарастырылады. Шетелдік тәжірибелерден анықталғандай, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері қатарына мыналар жатады:

1. Әлеуметтік аз қамтылған, елдегі осал топтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында, олардың тұрақты дамуы мен жетілуіне жағдай жасау;

2. Әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдаудың нормативтік заңнамасын үнемі жаңарту мен оны пайдаланудың қарапайымдылығын қамтамасыз ету;

3. Елдегі әлеуметтік осал топтардың экономикалық жағдайын теңестіру мен олардың қоғамдағы орнын айқындау;

4. Әлеуметтік жобаларды үнемі қаржыландыру мен оны жүзеге асыру.

Бүкіл әлемде әлеуметтік кәсіпкерлер санының көбеюі бизнестегі әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған. Сонымен, әлеуметтік кәсіпкерліктің теориясына шолуда, оның экономикалық рөлі және тұрақты дамудың стратегиялық міндеттері анықталды.

Ғылыми нәтижелер

Еліміздегі әлеуметтік кәсіпкерліктің заманауи сатысы, экономиканың әлеуметтік сатысын зерттеуде аса өзекті. Әлеуметтік кәсіпкерлік бағытындағы экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу, ел экономикасының өсуі, халықтың өмір сүру сапасы, экологиялық жағдай мен елдің экономикалық даму деңгейіне әсер етеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті ұйымдастыру арқылы осы бағыттағы мәселелерді шешу барлық мемлекеттерге тән. Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың нақты шаралары, әлеуметтік кәсіпорындарға берілген жеңілдіктер мен гранттар негізінде сипатталады.

Жұмыспен қамтуды басқарудың маңызды аспектісі жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру болып табылады. Осындай мысалдардың бірі – жұмыссыздықпен күресу және кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру сияқты екі әлеуметтік мәселені бірден шешуге арналған тәжірибелік алаң болып табылатын өзін-өзі жұмыспен қамту бағдарламасы.

Қазақстан Республикасында 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба іске асты [12].

Ұлттық жобаны әзірлеудің мақсаты:

- кәсіпкерлік құрылымында сапалы өзгерістерді қамтамасыз ету;
- халықты жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында шағын бизнесті дамыту;
- экономика салаларын әртараптандырудың орта бизнес-драйверіне сүйену;
- бәсекелестікті кешенді дамыту-кәсіпкерлік субъектілері үшін тең жағдай.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жоспарында 2-3 іс-шара бөлімдерінде «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары» мен «халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру» тармақтары қарастырылған. Ол төмендегі кестелерде берілген.

Халықтың өмір сүру сапасы жақсартудағы әлеуметтік кәсіпкерліктің ролі мен маңыздылығы – осы бағытты Қазақстан экономикасына енгізу қажеттілігінің маңыздылығы өз шешімін табуды талап етеді.

Жалпы алғанда әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін факторларды жіктеу мәселесіне әр түрлі көзқарастарды талдау барлық факторларды екі топқа топтастыруға мүмкіндік берді: әлеуметтік бизнесті дамыту факторлары және елдің жалпы әлеуметтік-экономикалық даму факторлары.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыруда «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары» 2020 жылы нақты 19,3 мың адам болса, 2021 жылғы жоспарда 13,0 мың адамды болжап отыр.

Ал осы көрсеткіштерді қаржыландыру

болса, 2020 жылы нақты 3411181,2 мың тг болса, 2021 жылғы жоспарда 4538747,0 мың тг құрады. Яғни, өткен жылғы көрсеткішке қарағанда 33 пайызға артық, +1127565,8 мың тг артық қаржы бөлінді.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы бойынша халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік орган айқындайтын тәртіп бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру 2021 жылғы жоспарда 10,0 мың адамды және 7124719,0 мың тг құрайды.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобадағы «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары» 2021-2025 жылдар бойынша жоспар 60,0 мың адамды қамтиды. Ал осы бағыт бойынша қаржыландыру жоспары – 30231595,0 мың тг құрайды.

Әлеуметтік кәсіпкерлік көбіне, қоршаған ортаның экологиялық ахуалын жақсарту, абақтыдан шыққан азаматтарды қоғамға бейімдеу, балалар демалысын тиімді ұйымдастыру, мүгедектердің жұмыспен қамтылуы мен денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдау, экологиялық тұрақтылық және сол сияқты қоғамда шешімін таппай қалған мәселелерді шешуде, осыған орай осы саланы одан әрі дамытудың нәтижелі стратегиясы қажет.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік орган айқындайтын тәртіп бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру бағыты бойынша 2021-2025 жылдар бойынша жоспар 50,0 мың адамды, қаржыландыру жоспары – 36459925,0 мың тг құрайды.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкер-

1-кесте – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жоспар-график

Атауы	Аяқталу мерзімі	2020 жылғы нақты	2021 жыл	
			Жылдық жоспар	Өткен жылғы фактіге қарағанда, %
2-іс-шара. Жұмыссыздарды қамту мақсатында «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары» жобасын іске асыру	2025 жыл	19,3 мың адам	13,0 мың адам	77,7%
		3411181,2 мың тг	4538747,0 мың тг	133%



1-сурет – Жұмыссыздарды қамту мақсатында «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары қаржыландыру» мың теңге

2-кесте – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жоспар-график

Атауы	Аяқталу мерзімі	2020 жылғы нақты	2021 жыл	
			Жылдық жоспар	Өткен жылғы фактіге қарағанда, %
3-іс-шара. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік орган айқындайтын тәртіп бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру	2025 жыл	44,9	10,0 мың адам	22,2%
		-	7124719,0 мың тг	-

3-кесте – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жоспары

Атауы	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Қаржы-ландыру, барлығы
2-іс-шара. Жұмыссыздарды қамту мақсатында «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары» жобасын іске асыру	13,0 мың адам	8,0 мың адам	13,0 мың адам	13,0 мың адам	13,0 мың адам	60,0 мың адам
	4538747,0 мың тг	5949848,0 мың тг	6817000,0 мың тг	6463000,0 мың тг	6463000,0 тыс. тг	30231595,0 мың тг
3-іс-шара. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік орган айқындайтын тәртіп бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру	10,0 мың адам	10,0 мың адам	10,0 мың адам	10,0 мың адам	10,0 мың адам	50,0 мың адам
	7124719,0 мың тг	9553206,0 мың тг	6402000,0 мың тг	6690000,0 мың тг	6690000,0 мың тг	36459925,0 мың тг



2-сурет – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жоспар

лікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасының қаржыландыру көздеріне талдау жасайтын болсақ, жұмыссыздарды қамту мақсатында «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары» жобасын іске асыру бойынша республикалық бюджеттен – 27581419,0 мың тг, жергілікті бюджеттен – 2650176,0 мың тг жоспарланып отыр.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік орган айқындайтын тәртіп бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру 2021-2025 жылдар бойынша республикалық бюджеттен – 32021000,0 мың тг, жергілікті бюджеттен – 4438925,0 мың тг қарастырылған.

Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуетін пайдалану және арттыру мәселесі мен оның ел экономикасындағы рөлін арттыру және жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық белсенділігін өсіру үшін әлеуметтік бизнесті қалыптастыру және дамыту қажеттілігіне қарай өзекті болып келеді.

Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржыландыру мен жобаларға гранттар бөлу қызметіне талдау жасай отырып, бірнеше маңызды аспектілерді бөліп көрсетуге болады:

4-кесте – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасының қаржыландыру көздері

Атауы	Қаржыландыру көзі		
	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Бюджеттен тыс қаражат
2-іс-шара. Жұмыссыздарды қамту мақсатында «осал топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындары» жобасын іске асыру	27581419,0 мың тг	2650176,0 мың тг	-
3-іс-шара. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік орган айқындайтын тәртіп бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру	32021000,0 мың тг	4438925,0 мың тг	-

3-сурет – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасының қаржыландыру көздері

• әлеуметтік кәсіпкерлікті қаржыландыру шағын кәсіпорындармен салыстырғанда едәуір төмен, бұл әлеуметтік кәсіпкерлік саласында мақсатты қаржыландыру саясаттын қалыптастыру және іске асыру қажеттілігі бар екендігін көрсетеді;

• салалық құрылымдарды өсіру бойынша, әлеуметтік кәсіпкерлікке гранттар бөлу жалпы әлеуметтік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне және тиімділігіне ықпал етеді;

• әлеуметтік кәсіпкерлікті, халықтың осал топ өкілдерін жұмыспен қамту және қаржыландыру бағыттарын жылдан жылға арттыруды көздеу;

• өңірлер бойынша әлеуметтік кәсіпкерлікті қаржылай қолдау бұл өңірлердің экономикалық дамуының жоғарылауын көрсетеді.

Қорытынды

Әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы – бұл әлеуметтік кәсіпорындардың әлеутін бағалай отырып, жаңа бәсекелестік артықшылықтарын құруға және кеңейтілген өндірісті қамтамасыз ету үшін оны іске асырудың тиімділігі, олардың күшті және әлсіз жақтары мен әлеуметтік саладағы даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік кәсіпкерліктің стратегиялық даму жоспарын қалыптастыру әлеуметтік шешімдерді шешудің тиімді құралы болып табылады.

Осылайша, әлеуметтік кәсіпкерліктің даму перспективасы әлеуметтік бизнес саласындағы құрылымдық саясатты жүзеге асыру, осы бағыттар бойынша қаржыландыру жұмыстарын жетілдіру болашақта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге ықпал етеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылай қолдау, бір жағынан, мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігі болып табылса, екінші жағынан – әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасына әсер ететін неғұрлым өткір әлеуметтік проблемаларды нақты шешуге мемлекеттік инвестициялардың нысаны болып отыр.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржыландыру мен жобаларды несиелендіруді қамтамасыз ету халықтың әлеуметтік осал топтарына мүмкіндіктер беру мен жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді. Әлемдік тәжірибеде әлеуметтік кәсіпкерлік жұмыспен қамтудың қосымша құралы ретінде қарастырылған, еңбек нарығындағы әлеуметтік осал топ өкілдерін жұмыспен қамту және әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылау әлеуметтік қолдаудың мемлекеттік институттарында балама құрал ретінде қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам предпринимательства, социального предпринимательства и обязательного социального медицинского страхования». Нур-Султан: Ақорда, 24 июня 2021 года. № 52-VII ЗРК. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000052
2. Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен». https://atameken.kz/?ysclid=lbyi6gyj1j870396988
3. Барракет Джо., Коллер Дж., Н. О'Коннор, Андерсон М. Австралияның әлеуметтік кәсіпкерлік секторын табу (FASES) 2010. Квинсленд технологиялық университеті. [Электронный ресурс] – URL: https://kk.mgwiki.top/wiki/Social_enterprise?ysclid=lbyidzkw4h167580736
4. McQuilten G., Warr D., Humphery K. and Spiers A. Амбиваленттi кәсіпкерлер: неолибералдық әлемдегі өнерге негізделген әлеуметтік кәсіпорын. Әлеуметтік кәсіпкерлік журналы 2020. Т. 16. № 2. С. 121-140. [Электронный ресурс] – URL: https://doi.org/10.1108/SEJ-03-2019-0015
5. Волкова М.С. Становление социального предпринимательства // Вестник ТГУ им. Г.Р. Державина. 2015. № 5. С. 24-29. [Электронный ресурс] – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/stanovlenie-sotsialnogo-predprinimatelstva
6. Қанапиянова К.Б., Рузанов Р.М. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту принциптері: шетелдік тәсілдер және Қазақстан. Экономика: стратегия и практика. 2020 г. № 2 (15). С. 152-166.
7. The best countries to be social entrepreneur. [Электронный ресурс] URL: https://poll2019.trust.org/
8. Харченко А.А. Социальное предпринимательство в России // Бизнес-образование в экономике знаний. 2020 г. № 3. С. 86-86. https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnoe-predprinimatelstvo-v-rossii-1/viewer

9. State of Social Enterprise Report 2020. Состояние социального предпринимательства / Британский совет // Журнал Voices. https://www.britishcouncil.org/society/social-enterprise/reports/state-social-enterprise
10. Квашин Ю. Греция в условиях пандемии: экономические аспекты // Научно-аналитический вестник ИЕ РАН / 2020. № 4. С. 64-70. http://dx.doi.org/10.15211/vestnikieran420206470
11. State of Social Enterprise Report 2022. Состояние социального предпринимательства / Британский совет // Журнал Voices. https://www.socialenterprise.org.uk/regional-state-of-social-enterprise-reports-2022/
12. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728

Направления финансирования и проекты кредитования социального предпринимательства в Казахстане

[1]***ЖАНТЕЛЕУОВА Гулден Мендихановна,** докторант, zhanteleuova@mail.ru,*
[1]***МАЙДЫРОВА Айгул Болатовна,** д.э.н., зав. кафедрой, maydirova2010@gmail.com,*
[2]***БИРЮКОВ Валерий Викторович,** д.э.н., декан, _valera@mail.ru,*
[1]НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан,
[2]НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова», пр. Н. Назарбаева, 56, Караганда, Казахстан,
**автор-корреспондент.*

***Аннотация.** Цель исследования – выявить сущность концепции современных исследований социального предпринимательства и изучить направления финансирования и совершенствования данной сферы. В результате анализа уточнены основные понятия социального предпринимательства, приведены признаки социального предпринимательства в Казахстане и плановые программы его финансирования. Через развитие социального предпринимательства дана оценка социальных возможностей Казахстана и определение путей решения социальных проблем. С использованием теоретических концепций социального предпринимательства предусмотрено применение передовых методов его организации в Казахстане путем изучения зарубежного опыта.*

***Ключевые слова:** социальное предпринимательство, социальные проекты, финансирование, социальные цели, представители уязвимых слоев общества.*

Directions of Financing and Projects of Crediting Social Entrepreneurship in Kazakhstan

[1]***ZHANTELEUOVA Gulden,** Doctoral Student, zhanteleuova@mail.ru,*
[1]***MAIDYROVA Aigul,** Dr. of Econ. Sci., Head of Department, maydirova2010@gmail.com,*
[2]***BIRYUKOV Valery,** Dr. of Econ. Sci., Dean, _valera@mail.ru,*
[1]NPJSC «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Satpayev Street, 2, Astana, Kazakhstan,
[2]NPJSC «Abylkas Saginov Karaganda Technical University», N. Nazarbayev Avenue, 56, Karaganda, Kazakhstan,
**corresponding author.*

***Abstract.** The purpose of the study is to identify the essence of the concept of modern research of social entrepreneurship and to study the directions of financing and improvement of this area. As a result of the analysis, the basic concepts of social entrepreneurship are clarified, the signs of social entrepreneurship in Kazakhstan and planned programs for its financing are given. Through the development of social entrepreneurship, an assessment of social*

opportunities in Kazakhstan and identification of ways to solve social problems is given. With the use of theoretical concepts of social entrepreneurship, it is envisaged to apply advanced methods of organization in Kazakhstan by studying foreign experience.

Keywords: *social entrepreneurship, social projects, financing, social goals, representatives of vulnerable segments of society.*

REFERENCES

1. Zakon Respubliki Kazahstan «O vnesenii izmenenij i dopolnenij v nekotorye zakonodatel'nye akty Respubliki Kazahstan po voprosam predprinimatel'stva, social'nogo predprinimatel'stva i obyazatel'nogo social'nogo medicinskogo strahovaniya». Nur-Sultan: Aqorda, 24 iyunya 2021 goda. No. 52-VII ZRK. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000052
2. Nacional'naya palata predprinimatelej Respubliki Kazahstan «Atameken». https://atameken.kz/?ysclid=lbyi6gyj1j870396988
3. Barraket Dzho., Koller Dzh., N. O'Konnor, Anderson M. Avstralianyñ äleumettık käsıpkerlık sektoryn tabu (FASES) 2010. Kvinslend tehnologialyq universitetı. [Elektronnyj resurs] – URL: https://kk.mgwiki.top/wiki/Social_enterprise?ysclid=lbyidzkw4h167580736
4. McQuilten G., Warr D., Humphery K. and Spiers A. Ambivalenttı käsıpkerler: neoliberaldyq älemdegı önerge negızdelgen äleumettık käsıporyn. Äleumettık käsıpkerlık jurnaly 2020. T. 16. No. 2. Pp. 121-140. [Elektronnyj resurs] – URL: https://doi.org/10.1108/SEJ-03-2019-0015
5. Volkova M.S. Stanovlenie social'nogo predprinimatel'stva // Vestnik TGU im. G.R. Derzhavina. 2015. No. 5. Pp. 24-29. [Elektronnyj resurs] – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/stanovlenie-sotsialnogo-predprinimatelstva
6. Qanapiyanova K.B., Ruzanov R.M. Äleumettık käsıpkerlıktı damytu prinsipterı: şeteldık täsılder jäne Qazaqstan. Ekonomika: strategiya i praktika. 2020 g. No. 2 (15). Pp. 152-166.
7. The best countries to be social entrepreneur. [Elektronnyj resurs] URL: https://poll2019.trust.org/
8. Harchenko A. A. Social'noe predprinimatel'stvo v Rossii // Biznes-obrazovanie v ekonomike znanij. 2020 g. No. 3. Pp. 86-86. https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnoe-predprinimatelstvo-v-rossii-1/viewer
9. State of Social Enterprise Report 2020. Sostoyanie social'nogo predprinimatel'stva / Britanskij sovet // ZHurnal Voices. https://www.britishcouncil.org/society/social-enterprise/reports/state-social-enterprise
10. Kvashin YU. Greciya v usloviyah pandemii: ekonomicheskie aspekty // Nauchno-analiticheskij vestnik IE RAN / 2020. No. 4. Pp. 64-70. http://dx.doi.org/10.15211/vestnikieran420206470
11. State of Social Enterprise Report 2022. Sostoyanie social'nogo predprinimatel'stva / Britanskij sovet // ZHurnal Voices. https://www.socialenterprise.org.uk/regional-state-of-social-enterprise-reports-2022/
12. 2021-2025 jyldarğa arnalğan käsıpkerlıktı damytu jönındegı ūlttyq joba. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728